

Компьютерлік технология



Орындаған: М-16-1 тобының студенті: Мухамединова А
Тексерген: Елибаева-Мухтар А.М

Жоспар.

- 1. Компьютерлік технология.
- 2. Ақпараттық технология.
- 3. Мультимедиалық технология.
- 4. Компьютерлік технология алгоритмы.

ҚР-ның «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық құндылықтар, жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық желілерге шығу» делінген.



Ақпараттық технология – білім беру мекемесі мамандарының жұмысын жүзеге асырушы әдістер мен формалар және оқушыларға білім беруші құрал. Қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды пайдалану өз білімін көтеру тиімділігі де арттырады.



Ақпараттық технологиялар оқу материалдарын иллюстрация жасау кезінде (мысалы анимациялы слайд-фильмдер) қолданылады.



Мультимедиялық технологиялар мультимедиа өнімдерінің жасалу үрдісімен байланысты яғни, электрондық кітаптар, мүмкіндігінше энциклопедиялар, компьютерлік фильмдер. Бұл өнімдердің өзіндік ерекшеліктері мәтіндік, графикалық, аудио-бейне, ақпараттық анимацияның бірігуі болып табылады.



Мультимедиа технологиясы компьютерді тең дәрежедегі әңгіме-дүкен құрушыға айналдырып қана қойған жоқ, оқушыға сыныптан үйден шықпай-ақ үлкен ғалымдар мен педагогтердің дәрістеріне қатысуына, өткен және қазіргі тарихи оқиғаларға куә болуына, әлемнің ең белгілі мұражайлары мен мәдени орталықтарына, жер шарының ең алыс және қызық түкпірлеріне сапар шегуіне мүмкіндік жасады.

Компьютерлік технологияларды енгізу жұмысы барысында компьютерлік қолдауы бар сабақ құрылымының алгоритмі құрылады. Оның келесі кезеңдері бар.

- 1. Сценарий қалыптастыру (нақты көрсетілген компьютерлік тапсырмалары бар сабақ құрылымы: экран түрі, мұғалім әрекеті, оқушылар әрекеті, нәтиже);**
- 2. Сабақтың әр кезеңіне уақытты есептеу;**
- 3. Сабақтың мақсатын міндеттерін, жүру барысын, практикалық тапсырмаларды және оларды орындау әдістерін құрастыру; қажет бағдарламалық құралдарды анықтау.**

**«Қазақстан-2030» атты еліміздің
стратегиялық бағдарламасында ең
негізділерінің бірі- жоғары интеллектуальды
жастарды жан-жақтылыққа тәрбиелеу,
олардың потенциалдық деңгейінің
көтерілуіне үлес қосу. Бүгінгі таңда жас
ұрпаққа пәнді тиімді ұғындырудың бірі-
жаңа технология негіздері болып табылады.**